

Әдістемелік кеңес хаттамасы

01 қыркүйек 2023 жыл

№1

Абай ауылы

Төрағалық етуші: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары - Н. Білял

Қатысқандар: 14 (Бірлестік жетекшілері -9)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. 2023-2024 оқу жылының ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академияның ұсынған әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, іс-жүзінде жүзеге асыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял сөз алды. Әдістемелік кеңестің бірінші сұрағы бойынша 2023-2024 оқу жылына арналып құрылған әдістемелік жоспармен және онда қаралған сұрақтармен таныстырылды. Әдістемелік кеңес жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанда бекітілген N644 бұйрығының ережелері мен талаптарына сәйкес 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жоспары қаралып талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша мектеп ұжымын Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академияның 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстырды. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттамасымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа алатындығы айтылды.

Сонымен қатар ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

2023-2024 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керектігін айтты.

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- оқу жүктемесі төмендетілген ҰОЖ-ын жүзеге асыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.

Әрбір білім беру ұйымының міндеті – білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру. Орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері бойынша тоқталды. Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі тандап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары МАД сыныптары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3- қосымшасы (қаз сын.). ҚР Білім және ғылым министрілігінің 20.12.2012ж. № 557 бұйрығымен бекітілген

1-4 сыныптар

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының 1-4 сыныптар 1-қосымшасы (қаз.сын.) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымша.

5-9 сыныптар

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының 5-9 сыныптар 6-қосымшасы (қаз сын.)

10 - 11 сынып

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 85-қосымша (ҚГБ қаз сын.). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының 10-11 сыныптар қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 38 – қосымшасы (ҚГБ қаз сын.).

10 - 11 сынып

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымша (ЖМБ қаз сын.). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының 10-11 сыныптар жаратылыстану-математикалық бағыттағы 39 – қосымшасы (ЖМБ қаз сын.).

9-сынып

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша 10 тарауы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының жеңіл ақыл-ой кемістігі бойынша 9-қосымша 10 тарауы.

8- сынып

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 9-қосымша 11 тарауы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына сәйкес оқу жоспарының орташа ақыл-ой кемістігі бойынша 9- қосымша 11 тарауы бойынша.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Г.Елубаева, Ұ.Каюмова әдістемелік нұсқау хат бойынша сұрақтар қойып, өз пікірлерін ортаға салды. Ұсыныс қабылданды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 2023-2024 әдістемелік жұмыс жоспары бекітілісін.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттағы барлық көрсетілген ережелер оқу-әдістемелік үрдісте қолданыс тапсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы:



Н. Білял

Хатшы:



Н. Жақсыбаев

Әдістемелік кеңес хаттамасы

02 қараша 2023 жыл

№2

Абай ауылы

Төрағалық етуші: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Н.Білял

Қатысқандар: 14 (Бірлестік жетекшілері – 9)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. 1-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндер бойынша модерация жүргізуді бақылау.
2. 1-тоқсан қорытындысын талдау.
3. Оқушылардың жетістіктері мен өткізілген пән апталықтары.
4. Мектепішілік пән олимпиадасын ұйымдастыру, өткізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял сөз алды. Алғашқы мәселе бойынша 1-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндер бойынша жүргізілген модерация талдауы көрсетілді. Сонымен қатар жалпылама орта мектептер үшін модерация ережесіне тоқталып өтті: ЖОББМ үшін модерацияны мұғалім жақын пәндер мұғалімдерін немесе критериялды бағалау бойынша мектеп үйлестірушісін қатыстыру арқылы өз бетінше өткізуіне болады. Модерация отырысы үшін мұғалім тексерілген жиынтық жұмыстардың ішінен: жоғары және төмен балл қойылған, сондай-ақ, бағалау қиындық туғызған тек 3 жұмысты іріктеп алады. Модерация кезінде іріктелген жиынтық жұмыстарда көрсетілген білім алушының аты-жөнін жұмысты қарастырған кезде нақты бір білім алушыға қатысты болмауы үшін жасырып қою ұсынылады. Отырыс кезінде ұсынылған жұмыстар балл қою кестесіне сәйкес қарастырылады. Осылайша, төмендегідей жағдайларды анықтауға болады: - дұрыс жауап есептелмеген, сол сияқты балл қою кестесінде де көрсетілмеген; - жауап синонимдес басқа сөзбен берілген, ал ол жауап балл қою кестесінде көрсетілмеген; 30 - балл қою кестесінде қателіктер жіберілген; - жалпы балл саны дұрыс есептелмеген және т.б.. Модерация қорытындысы бойынша хаттама жазылады, онда балл қою кестесіне қатысты барлық өзгерістер мен толықтырулар көрсетіледі. Модерация қорытындысы бойынша мұғалім білім алушының жұмысын балл қою кестесінің өзгертілген (толықтырылған) соңғы нұсқасына сәйкес қайта қарастырады. Қажет болған жағдайда бағалауға өзгерістер енгізу басқа түсті қаламсаппен жүзеге асырылады және соңғы нақты нәтижесі электрондық журналға қойылатынына тоқталды.

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Екінші мәселе бойынша 1-тоқсан қорытындысы *Online Mektep* платформасының *Bilim Class* электронды журналынан алынды, төмендегі кесте бойынша талданды:

Оқушылар саны: 2-4 сыныптарда - 173;

5-9 сыныптар – 314;

10-11 сыныптар – 92;

Тоқсан қорытындысы бойынша аттестатталмаған оқушылар туралы талдау

Қорытылмаған оқушылардың жалпы саны	Қорытылмаған пән атауы	Денсаулығының жарамсыздығына байланысты	Дәлелді себеппен (байқаулар, олимпиадалар, спорттық жарыстар т.б.) бұйрықтың №	Басқа себептер мен
-	-	-	-	-

№	Сынып	Оқушы саны	Оқу озаты	Екпінділер	Үлгерушілер	Бір пән бойынша «4»	Бір пән бойынша «3»	Сапа %	Үлгерім %
1	2	58	11	16	31	2	7	46,6	100
2	3	49	6	23	20	4	7	59,2	100
3	4	66	12	25	29	2	6	56,1	100
Қорытынды 2-4		173	29	64	80	8	20	53,96	100
4	5	61	6	25	30	3	8	50,8	100
5	6	70	5	18	47	6	9	32,9	100
6	7	56	6	16	34	1	2	39,3	100
7	8	55	2	17	35	0	5	34,5	100
8	9	72	4	13	54	2	5	23,6	100
Қорытынды 5-9		314	23	89	200	12	29	36,22	100
9	10	39	1	10	28	4	4	28,2	100
10	11	53	6	14	33	0	4	37,7	100
Қорытынды 10-11		92	7	24	61	4	8	32,95	100
МЕКТЕП БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		579	59	177	341	24	57	40,8	

Пән бойынша білім сапасына талдау

№	Пән атауы	I тоқсан білім сапасы	Орта балы
1	Математика (Алгебра)	50,8	3,8
2	Физика	58,6	3,8
3	Информатика	96,4	4,2
4	Биология	61	3,8
5	Химия	69	3,9
6	География	68,2	3,9

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

7	Қаз.тарихы	63,3	3,8
8	Дүние жүзі тарихы	80	3,8
9	Жаратылыстану	79,7	4,1
10	Қазақ тілі	57,4	3,7
11	Қазақ әдебиеті	61,5	3,9
12	Орыс тілі	60	3,5
13	Ағылшын тілі	61,7	3,8
Жалпы пән бойынша		66,7	3,8

Үшінші мәселе бойынша, ұстаздарымыз бен оқушыларымыз түрлі аудандық-облыстық олимпиада мен жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып келуде:

- 7-сынып оқушыларының География пәнінен Ұлттық Олимпиадасының аудандық кезеңінен 7-сынып оқушысы география пәнінен Ақылбек Айдана III орын, жетекшісі С.Бекбергенова.
- Қазақ тілі пәні бойынша «Ақберен» олимпиадасының ұлттық аспап номинациясы бойынша 8-сынып оқушысы Әбдіжалил Медеу III орын, жетекшісі У. Каюмова.
- Қазақстан тарихы пәні бойынша «Менің кіші Отаным» республикалық конкурсының аудандық кезеңінде «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Тастемір Ғазиза I орын, «Менің кішкентай Отанымның болашағы» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Айдарова Жансая I орын, «Менің кіші Отаным» эссе байқауы бойынша 9-сынып оқушысы Ақнұр Сәлімбай Мадақтама, «Менің шағын Отанымның символы» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Баратова Балауса II орын иеленді.
- «Менің кіші Отаным» республикалық конкурсының Облыстық кезеңінде «Менің кішкентай Отанымның болашағы» номинациясы бойынша 10-сынып оқушысы Тастемір Ғазиза, Айдарова Жансая Мадақтама. Жетекшілері Г. Артық және А. Жиенбаева
- Орыс тілі пәні бойынша аудандық “Дерзайте! Творите! Удивляйте!” тақырыбында өткізілген олимпиададан 8 сынып оқушысы Сатыбай Жанерке және 10 сынып оқушысы Еркін Шолпан III орын иеленді. Жетекшілері Г. Елубаева, Ж. Дүрменова

Мектебімізде I тоқсанда Қазақ тілі мен әдебиеті (05-13.09.2023 ж) пән бірлестіктерінің онкүндіктері болып өтті. Онкүндіктің өткізілу жоспарлары бекітіліп, кестеге сәйкес мұғалімдер өз ашық сабақтарын, сайыс сабақтарын өз деңгейінде өткізді. Алдымыздағы II тоқсанда 13-24 қараша аралығында Ағылшын тілі, 04-15 желтоқсан аралығында Тарих және География пән бірлестіктерінің апталықтары болып өтеді. Бірлестік жетекшілері апталық уақытын алдын ала пән мұғалімдеріне ескертіп, жоспарларын алдын-ала дайындап бекіту керек, жұмыстарын өзара талқылап пысықтау керек.

Төртінші мәселе бойынша, алдағы уақытта мектептің 5-6 сынып, 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың I мектепішілік кезеңін ұйымдастырылып, өткізіледі.

Олимпиада мақсаты: Оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау.

Мектепішілік кезеңін ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі кестеге сәйкес бұйрық шығарып, сол бойынша іс-шара жоспары бекітілуі керек. Оқушылар арасында олимпиаданың нұсқаулығы, ережесі, талартары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бірлестік жетекшілері мұғалімдермен бірге тапсырмаларды алдын ала дайындап, бекіттіріп, олимпиада кезінде ашады. Академиялық адалдықты сақтай отырып, үздік шыққан оқушыларды анықтап, хаттамасы түзіліп, аудандық кезеңге ұсынылуы керек. Үздік нәтиже көрсеткен оқушылар мен пән мұғалімдері жеке жұмыстары алып барылуы керек.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 1-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндерге жүргізілген модерацияны бақылау қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2-тоқсанда білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүгізілсін.
3. Мектепішілік пән олимпиадасы ұйымдастырылып, өткізілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы



Н. Біял

Хатшы



Н. Жақсыбаев

Әдістемелік кеңес хаттамасы

08 қараша 2023 жыл

№3

Абай ауылы

Төрағалық етуші: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Н.Білял

Қатысқандар: 14 (Бірлестік жетекшілері – 9)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. **«Мектептерге арналған PISA» негізгі зерттеуі туралы ақпаратпен мұғалімдерді таныстыру, «Мектептерге арналған PISA» – негізгі зерттеуіне мектебіміздегі дайындық жұмыстарына талдау.**
2. **«№2 Ө.Жәнібеков мектеп гимназиясы, №11 Жолбасшы, №26 Келес, №29 жалпы орта мектептері және №24 Ұшқын негізгі орта мектебінің» нұсқаулығын талдау.**

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял сөз алды. Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2000 жылдардан бері үш жылда бір ұйымдастыратын әлем елдері арасында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасын жасаған. PISA бағдарламасының мақсаты білім берудің әдіснамасы мен нәтижесіне пайдалы әсер ету болатын. Аталған бағдарлама қазіргі әлемде оқушылар қабілетін тексеру мен бағалаудың ең ықпалды жобасы болып отырғаны туралы тілге тиек етті. PISA жобасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау басыңқылығы үш бағыт бойынша жүреді. Олар оқу біліктілігі, математика және жаратылыстану ғылымдарындағы біліктілік. PISA зерттеуінде ойлау, дәйектеу, мәселе (сұрақ) қоя білу және шеше білу, модельдеу, нәтижелерді ұсынудың түрлі әдістерін пайдалану секілді қабілеттер бағаланады. Осылайша, халықаралық емтиханға қатысушылардың оқу біліктілігі әрекеттің үш оқу-танымдық түрі бойынша анықталатыны туралы айтылды.

Функционалды сауаттылықты бағалау технологиясы әлемдегі 60-тан астам елдің 15 жастағы оқушыларын алты деңгейде анықтайды. Ең жоғарғы көрсеткіш 5- және 6- деңгей. Ол бойынша оқушы өз бетінше ойлау, талдау және өз болжамын ұсыну қабілеті. Сосын, 4- және 3- деңгей: жаңа ақпарат алу үшін бар білімі мен қабілетін қолдану мүмкіндігі. Сосын, 2- деңгей: қарапайым оқудан тыс жағдайда бар білімі мен дағдыларын

қолдану мүмкіндігі. Сосын 1- деңгей: таяз білімнің төмендігі деңгейі мен тапсырмаларды табысты орындаудың аздығы туралы айтып өтті.

Әр оқушыға 2 сағаттық жазбаша тапсырма орындатады. Сұрақтардың бір бөлігі таңдау сұрақтары, енді бір бөлігі толық жауап беру сұрақтары болады. Бүкіл тест мазмұнына 6 жарым сағат уақыт кетеді деп жоспарланған. Әрине, оқушыдан барлық сұраққа түгел жауап беру талап етілмейді. Оқушылар қабілет тестінен өткен соң бір сағат шамасында жеке басын негіз еткен өздік сұрақтарға жауап береді, бұл көбінесе үйрену әдеті, ниеті мен жігері, отбасы жағдайы дегендей мазмұндарды қамтиды. Мектеп тарапында бір бөлім сұрақтарға жауап береуі керек. Олар баланың түрлі нәтижелерін, қаржы көзі секілділерді айқындап беруі керек.

«Мектептерге арналған PISA және дәстүрлі PISA арасындағы негізгі айырмашылықтар мен жалпы сипаттамалар

	НЕГІЗГІ PISA	МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН PISA
Зерттеу аясы	Функционалдық сауаттылықты бағалау	PISA халықаралық жүйесіне негізделген және онымен салыстыруға болады
Цикл	3 жыл сайын	Жыл сайын (қажетінше)
Зерттеу іріктемесі	Стратификацияланған кездейсоқ іріктеме	• Стратификацияланған кездейсоқ іріктеме • Зерттеу үшін қызығушылық тудыратын мектептер
Есеп	• Халықаралық • Ұлттық • Өңірлік	• Ұлттық • Мектептік
Өткізу мерзімі	Сәуір	қараша 2023 ж.

Келес ауданының білім бөлімі басшысының 18.09.2023 жылғы шығыс хатын негізге ала отырып, «Мектептерге арналған PISA» негізгі зерттеуіне дайындықты ұйымдастыру туралы мектеп директорының м.у.а-ның 21.09.2023 жылы №47 бұйрығы шығарылған. Бұйрық негізінде дайындықты ұйымдастыру бойынша іс-шара жоспарлары түзілді, жауапты мамандар мен мұғалімдерге таныстырылды. PISA халықаралық зерттеуінің нұсқаулығына сәйкес 15-16 жас аралығындағы мектептің 52 оқушысы Ұлттық Бірыңғай Деректер Қорынан (ҰБДҚ, НОБД) іріктеліп алынды. Жоспарға сәйкес, іріктелініп алынған оқушылар мен олардың ата-аналары және пән

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

мұғалімдерімен бірге түсіндіру жұмыстары мен дайындықты жүргізу үшін жиналыс өткізіліп, сауалнамалар алынып, хаттамасы жасалды. Дайындық жүргізу жоспарына сәйкес, іріктелініп алынған оқушылардан қазан айында екі рет сынама тест жұмыстары алынып, талдау жұмыстары жүргізілді.

Сынама тест жұмыстары бойынша нәтижелер:

Сынама алынған уақыт	PISA-ға қатысқан оқушылар саны	Математикалық сауаттылық (11 балл)	Оқу сауаттылығы (8 балл)	Ғылыми-жаратылыстану (16 балл)	Проблемаларды шешудегі біліктілік (8 балл)
Қазан	52	3,4	3,8	8,7	3,1
Қазан	52	3,4	3,9	8,8	3
<i>Динамика</i>		<i>0</i>	<i>+0,1</i>	<i>+0,1</i>	<i>-0,1</i>

Сынама тест қорытындыларына сәйкес, Математикалық сауаттылық бағыты бойынша орташа баллда өзгерістер болмады. Оқу сауаттылығы бағыты және Ғылыми-жаратылыстану бағыты бойынша орташа балл +0,1 баллға өсу, Проблемаларды шешудегі біліктілік бағыты бойынша орташа балл -0,1 баллға кему байқалды.

Қорытынды: 1. Бастапқы тапсырмалар аудармада нақтылыққа негізделгенмен, сыни ойлауда күрделілікке тап болуы уақытты үнемдеуге кедергі келтірді.

2. «PISA» тапсырмаларымен пәндер бойынша сабақ кезінде көбірек қолданылуы және онымен жұмыс жасау қолға алынса. Үлгермеуші оқушылармен деңгейлік бойынша қосымша тапсырмалар беріліп, жұмыс жасалса.

Екінші мәселе бойынша: 2022 жылғы зерттеу бойынша «№2 Ө.Жәнібеков мектеп гимназиясы, №11 Жолбасшы, №26 Келес, №29 жалпы орта мектептері және №24 Ұшқын негізгі орта мектебінің» нұсқаулығын талдау.

Оқу сауаттылығы бойынша нәтижелер

№		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағалау және талдау
12258	№2 Ө.Жәнібеков мектеп гимназия	389	417	365
	Қазақстан	389	394	389
	ЭЫДҰ	487	487	489

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

№		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағлалау және талдау
22120	№26 Келес жом	385	394	368
	Қазақстан	389	394	389
	ЭЫДҰ	487	487	489

№		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағлалау және талдау
22121	№11 Жолбасшы жом	382	404	331
	Қазақстан	389	394	389
	ЭЫДҰ	487	487	489

№		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағлалау және талдау
22123	№29 жом	426	439	392
	Қазақстан	389	394	389
	ЭЫДҰ	487	487	489

№		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағлалау және талдау
22126	№24 Ұшқын ном	397	402	378
	Қазақстан	389	394	389
	ЭЫДҰ	487	487	489

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Ақпаратты іздеу: Ақпараттың бір немесе бірнеше бөлек бөліктерін табу және бөліп алу үшін берілген ақпаратты шарлау.

Түсіну: мәтіннің түпкі мағынасына жету үшін оқылғанды ой елегінен өткізу.

Бағалау және талдау: мәтін ішінде берілген ақпаратты жеке тұлғаның тұжырымдамалары мен тәжірибелерін байланыстыру үшін мәтіннен тыс білімге, идеяларға немесе көзқарастарға сүйену.

• **PISA бағалау негіздері туралы**
толығырақ оқыңыз • oe.cd/publications

Математикалық сауаттылығы бойынша нәтижелер

№		Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу
12258	№2 Ө.Жәнібеков мектеп гимназия	397	414	403
	Қазақстан	442	433	420
	ЭЫДҰ	492	493	497

№		Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу
22120	№26 Келес жом	360	458	433
	Қазақстан	442	433	420
	ЭЫДҰ	492	493	497

№		Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу
22121	№11 Жолбасшы жом	395	363	386
	Қазақстан	442	433	420
	ЭЫДҰ	492	493	497

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

№		Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу
22123	№29 жом	487	484	473
	Қазақстан	442	433	420
	ЭЫДҰ	492	493	497

№		Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу
22126	№24 Ұшқын ном	402	392	399
	Қазақстан	442	433	420
	ЭЫДҰ	492	420	497

Тұжырымдау: мәселені шешу үшін ұсынылған жағдайдан тапсырманы бөлектеп алу керек. Оқушы берілген жағдайға қандай математикалық білімнің сәйкес келетінін анықтайды, берілген шарттарға сәйкес жағдайды математикалық түрде тұжырымдайды, болжамдар жасау арқылы жағдайды жеңілдетеді. Оқушы, осылайша, математиканың көмегімен шешілетін «жағдаяттық тапсырманы» «математикалық тапсырмаға» айналдырады.

Қолдану: математикалық білімді пайдалана отырып, есепті шешу үшін оқушы «математикалық шешімге» қол жеткізу мақсатында математикалық түсініктерді, фактілерді, процестерді, ережелерді және амалдарды қолданады. Бұл кезең, әдетте, математикалық манипуляцияны, түрлендіруді және құралдармен немесе құралдарсыз есептеуді білдіреді.

Мағынасын ашу: содан кейін алынған «математикалық нәтижелерді» тапсырма жағдаятымен байланыстыру үшін оларды бастапқы шарт тұрғысынан түсіндіру керек. Яғни, оқушы алынған математикалық нәтижелердің дұрыстығын шынайы өмірлік жағдай төңірегінде түсіндіреді.

●**Математикалық сауаттылық бойынша оқушылардың оқу стратегиялары**

туралы оқыңыз ● oe.cd/il/teach

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Жаратылыстану сауаттылығы бойынша нәтижелер

№		Түсіндіру	Бағлалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
12258	№2 Ө.Жәнібеков мектеп гимназия	385	367	381
	Қазақстан	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді
	ЭЫДҰ	493	493	493

№		Түсіндіру	Бағлалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
22120	№26 Келес жом	382	415	376
	Қазақстан	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді
	ЭЫДҰ	493	493	493

№		Түсіндіру	Бағлалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
22121	№11 Жолбасшы жом	387	384	493
	Қазақстан	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді
	ЭЫДҰ	487	489	489

№		Түсіндіру	Бағалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
22123	№29 жом	389	383	402
	Қазақстан	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді
	ЭЫДҰ	493	493	493

№		Түсіндіру	Бағалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
22126	№24 Ұшқын ном	363	368	372
	Қазақстан	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді	Салыстыруға келмейді
	ЭЫДҰ	493	493	493

Түсіндіру: бұл құзырет табиғи және технологиялық құбылыстардың ауқымында ғылыми түсініктемелерді тану, ұсыну және бағалау мүмкіндігін білдіреді.

Бағалау және жоспарлау: бұл құзырет ғылыми зерттеулерді сипаттауды, жобалауды, бағалауды және мәселелерді ғылыми тұрғыдан шешу жолдарын ұсына алуды білдіреді.

Ғылыми қорытындыларды тұжырымдау: бұл құзырет әртүрлі деректерді, талаптар мен дәлелдерді талдау және бағалау, сонымен қатар, тиісті ғылыми қорытындыларды жасау мүмкіндігін білдіреді

• **Жаратылыстану ғылымын оқыту стратегиялары мен оқушылардың нәтижелері арасындағы байланыс**

туралы толығырақ оқыңыз • oe.cd/il/scienceteaching

Ұсыныстар

1. Пән мұғалімдері оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда байқау сынама тапсырмаларын дайындап жүйелі түрде ҚМЖ-ға енгізу, талдау жасау, қатемен жұмыс жүргізу, мониторинг жасау;
2. Функционалды сауаттылықты дамытуда дайындық сынама тапсырмаларын құрастыру бойынша шығармашылық топ құру, сынама тапсырмаларын сараптамадан өткізу;

3. Пәндерді оқытуда құпиялықтан шыққан тест тапсырмаларын оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы бойынша ұдайы қолдану;
4. Пәндерді оқытуда графиктер, кестелер, гипер сілтемелер және әр түрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
5. Функционалдық сауаттылықты дамытуда байқау сынама тапсырмаларды нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыру
6. Психологиялық сүйемелдеу, көмектесу. Тәрбие жұмыстарын күшейту.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша курстардан өткен мұғалімдер халықаралық зерттеулерге дайындықты ұйымдастырсын, білім алушылардан сынама тесттері алынып, талдау жұмыстары жүргізілсін, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетілсін, сынықтан өткен мектептердің нұсқаулықтары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Пән мұғалімдері сабақтарда функционалдық сауаттылықты, креативті ойлауын, әр түрлі форматтағы пәндік мәтіндер негізінде оқу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмаларды ҚМЖ-ға енгізіп, тапсырмалар орындалсын.
3. Бағалау үдерісінде оқушыларға педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, қолдау көрсетілсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы



Н. Білял

Хатшы



Н. Жақсыбаев

Әдістемелік кеңес хаттамасы

04 қаңтар 2024 жыл

№4

Абай ауылы

Төрағалық етуші: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Н.Білял

Қатысқандар: 14 (Бірлестік жетекшілері – 9)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндер бойынша модерация жүргізуді бақылау.
2. 2-тоқсан қорытындысын талдау.
3. Негізгі пәндерден алынған қорытынды бақылау жұмысын талдау.
4. I жарты жылдық бойынша жеткен жетістіктер.
5. Мектепшілік пән бірлестіктерінің өткізген, өткізілетін апталықтарын талдау.
6. Оқушылардың үлгермеу себептері мен оқу танымдық әрекетіне қызығушылығы төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял әдістемелік кеңестің күн тәртібімен таныстырды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Н. Білял сөз алды. Алғашқы мәселе бойынша 2-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндер бойынша жүргізілген модерация талдауы көрсетілді. Сонымен қатар жалпылама орта мектептер үшін модерация ережесіне тоқталып өтті: ЖОББМ үшін модерацияны мұғалім жақын пәндер мұғалімдерін немесе критериалды бағалау бойынша мектеп үйлестірушісін қатыстыру арқылы өз бетінше өткізуіне болады. Модерация отырысы үшін мұғалім тексерілген жиынтық жұмыстардың ішінен: жоғары және төмен балл қойылған, сондай-ақ, бағалау қиындық туғызған тек 3 жұмысты іріктеп алады. Модерация кезінде іріктелген жиынтық жұмыстарда көрсетілген білім алушының аты-жөнін жұмысты қарастырған кезде нақты бір білім алушыға қатысты болмауы үшін жасырып қою ұсынылады. Отырыс кезінде ұсынылған жұмыстар балл қою кестесіне сәйкес қарастырылады. Осылайша, төмендегідей жағдайларды анықтауға болады: - дұрыс жауап есептелмеген, сол сияқты балл қою кестесінде де көрсетілмеген; - жауап синонимдес басқа сөзбен берілген, ал ол жауап балл қою кестесінде көрсетілмеген; 30 - балл қою кестесінде қателіктер жіберілген; - жалпы балл саны дұрыс есептелмеген және т.б.. Модерация қорытындысы бойынша хаттама жазылады, онда балл қою кестесіне қатысты барлық өзгерістер мен толықтырулар көрсетіледі. Модерация қорытындысы бойынша мұғалім білім алушының жұмысын балл қою кестесінің өзгертілген (толықтырылған) соңғы нұсқасына сәйкес қайта қарастырады. Қажет болған жағдайда бағалауға

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

өзгерістер енгізу басқа түсті қаламсаппен жүзеге асырылады және соңғы нақты нәтижесі электрондық журналға қойылатынына тоқталды.

Екінші мәселе бойынша 2-тоқсан қорытындысы *OnlineMektep.org* сайтынан алынды, төмендегі кесте бойынша 2-тоқсанның 3 жылдық қорытындысы талданды:

2023/2024 оқу жылында 2-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім, білік және дағдылар сапасының жай-күйі

№	Сынып	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім%
1	2	57	12	22	0	59.6%	100%
2	3	47	7	22	0	61.7%	100%
3	4	67	10	21	0	46.2%	100%
Қорытынды 2-4		171	29	65	0	55.83 %	100 %
1	5	60	7	22	0	48.3%	100%
2	6	70	6	18	0	34.2%	100%
3	7	55	4	16	0	36.3%	100%
4	8	54	3	12	0	27.7%	100%
5	9	71	6	11	0	23.9%	100%
Қорытынды 5-9		310	26	79	0	34.08 %	100 %
1	10	39	2	9	0	28.2%	100%
2	11	54	5	20	0	46.2%	100%
Қорытынды 10-11		93	7	29	0	37.2 %	100 %
Мектеп бойына барлығы		574	62	173	0	40.9 %	100 %

2023/2024 оқу жылының 2-тоқсанының қорытындысы бойынша (бірінші сынып оқушыларын есептемегенде) оқу сатылары бойынша үлгерім мен білім сапасының қорытындысы

№	Сынып	Оқушы саны	Үздіктер	Екпінділер	Үлгермеушілер	Сапа %	Үлгерім %
1	2 «а»	20	4	7	0	55%	100%
2	2 «ә»	20	4	8	0	60%	100%
3	2 «б»	17	4	7	0	64.7%	100%
4	3 «а»	24	3	10	0	54.16%	100%
5	3 «ә»	23	4	12	0	69.56%	100%
6	4 «а»	24	5	7	0	50%	100%
7	4 «ә»	23	3	5	0	34.78%	100%
8	4 «б»	20	2	9	0	55%	100%
9	5 «а»	20	2	10	0	60%	100%
10	5 «ә»	20	2	5	0	35%	100%
11	5 «б»	20	3	7	0	50%	100%
12	6 «а»	22	2	6	0	36.36%	100%
13	6 «ә»	21	2	3	0	23.8%	100%
14	6 «б»	27	2	9	0	40.74%	100%
15	7 «а»	27	2	7	0	33.33%	100%
16	7 «ә»	28	2	9	0	39.28%	100%
17	8 «а»	26	1	7	0	30.76%	100%
18	8 «ә»	28	2	5	0	25%	100%
19	9 «а»	22	2	1	0	13.63%	100%
20	9 «ә»	24	2	4	0	25%	100%
21	9 «б»	25	2	6	0	32%	100%
22	10 «а»	18	2	3	0	27.77%	100%
23	10 «ә»	21	0	6	0	28.57%	100%
24	11 «а»	19	2	5	0	36.84%	100%
25	11 «ә»	19	2	9	0	57.89%	100%
26	11 «б»	16	1	6	0	43.75%	100%
Барлығы		574	62	173	0	40.9 %	100%

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанын мектеп бойынша 2-11 сыныпты 574 оқушы аяқтады. Оның ішінде үздік оқушылар саны 62, екпінділер саны 173, үлгермеуші оқулар жоқ. Жалпы мектептің білім сапасы 40,9%, үлгерімі 100% көрсеткіш көрсетті.

3 жылдағы 2-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын талдау

	2021/2022 оқу жылы	2022/2023 оқу жылы	2023/2024 оқу жылы	Динамика
2-4 сынып				
Жалпы оқушы саны	196	168	171	+3%
Үздіктер саны	25	27	29	+2%
Екпінділер	73	65	65	0%
Сапа	52.46 %	54.91 %	55.83 %	+0.92%
5-9 сынып				
Жалпы оқушы саны	293	290	310	+20%
Үздіктер саны	35	34	26	-8%
Екпінділер	81	60	79	+19%
Сапа	39.59 %	32.59 %	34.08 %	+1.49%
10-11 сынып				
Жалпы оқушы саны	71	84	93	+9%
Үздіктер саны	7	7	7	0%
Екпінділер	26	28	29	+1%
Сапа	46.48 %	43.52 %	37.2 %	-6.32%
2-11 сынып (жалпысы)				
Жалпы оқушы саны	560	542	574	+32%
Үздіктер саны	67	68	62	-6%
Екпінділер	180	153	173	+20%
Сапа	44.11 %	43.67 %	40.9 %	-2.77%

Оқыту кезеңі	2021/2022		2022/2023		2023/2024		Динамика
	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	Үлгерім %	Сапа %	
2-4 сыныптар	100%	52.46%	100%	54.91%	100%	55.83%	+0.92%
5-9 сыныптар	100%	39.59%	100%	32.59%	100%	34.08%	+1.49%
10-11 сыныптар	100%	46.48%	100%	43.52%	100%	37.2%	-6.32%
2-11 сыныптар (жалпы)	100%	44.11%	99.53%	43.67%	100%	40.9%	-2.77%

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанын 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдардың 2-тоқсанымен салыстырғанда мектептің білім сапасы -2.77% айырмашылықтағы төмен динамиканы көрсетті.

2-ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША 3 ЖЫЛДАҒЫ НЕГІЗГІ ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫ МЕН ҮЛГЕРІМІН ТАЛДАУ

Жалпы білім беретін пәндер бойынша білім сапасы 2-тоқсан қорытындысы бойынша 3 жылдағы негізгі пәндер бойынша білім сапасы мен үлгерімін талдау

Қазақ тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4 сыныптар	68.20 %	71 %	71.34 %	+0.34%
5-9 сыныптар	71.83 %	64 %	58.38 %	-5.62%
10-11 сыныптар	82.96 %	62 %	65.59 %	+3.59%
Барлығы	72.65 %	65.6 %	63.41 %	-2.19%

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қорытынды: Қазақ тілі пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанын 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда +0.34% артқан, 5-9 сыныптарда -5.62% төмендеген, 10-11 сыныптарда +3.59% артқан, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -2,19% төмендеген.

Әдебиет бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	71.23 %	78 %	78,36 %	+0.36%
5-9сыныптар	75.31 %	67 %	58.7 %	-8.3%
10-11сыныптар	84.53 %	63 %	67.74 %	+4.74%
Барлығы	75.67 %	69.3 %	69.57 %	+0.27%

Қорытынды: Әдебиет пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда +0.36% артқан, 5-9 сыныптарда -8.3% төмендеген, 10-11 сыныптарда +4.74% артқан, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы +0,27% артқан.

Орыс тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	67.32	70%	64,11%	-5.89%
5-9сыныптар	69.12	61%	56.45%	-4.55%
10-11сыныптар	77.52	64%	61.29%	-2.71%
Барлығы	69.64%	65%	59.51%	-5.49%

Қорытынды: Орыс тілі пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда -5.89% төмендеген, 5-9 сыныптарда -4,55% төмендеген, 10-11 сыныптарда -2,71% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -5,49% төмендеген.

Математика/алгебра бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	65.65	72%	73,09%	+1.09%
5-9сыныптар	62.05	58%	51.57%	-6.43%
10-11сыныптар	76.03	61%	58.06%	-2.94%
Барлығы	65.98%	63,6%	60.9%	-2.7%

Қорытынды: Математика/алгебра пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда +1.09% артқан, 5-9 сыныптарда -6.43% төмендеген, 10-11 сыныптарда -2.94% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -2.7% төмендеген.

Ағылшын тілі бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	67.17	66%	64.6%	-1.4%
5-9сыныптар	61.87	60%	60.96%	+0.96
10-11сыныптар	85.97	73%	63.44%	-9.56%
Барлығы	67.26%	66.3%	62.2%	-4.1%

Қорытынды: Ағылшын тілі пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда -1.4% төмендеген, 5-9 сыныптарда +0.96% артқан, 10-11 сыныптарда -9,56% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -4,1% төмендеген.

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Жаратылыстану/география бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	74.60	64%	79,53%	+15,53
5-9сыныптар	85.90	68.5%	78,01%	+9,51%
10-11сыныптар	100	93%	82,79%	-10,21
Барлығы	82.71%	75.16%	79,29%	+4,13

Қорытынды: Жаратылыстану/география пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 2-4 сыныптарда +15,53% артқан, 5-9 сыныптарда +9,51% артқан, 10-11 сыныптарда -10,21% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы +4,13% артқан.

Қазақстан тарихы бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	-	-	-	-
5-9сыныптар	75.76	65%	63,87%	-1,13%
10-11сыныптар	77.14	74%	70,96%	-3,04%
Барлығы	76.10%	69.5%	65,5%	-4%

Қорытынды: Қазақстан тарихы пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 5-9 сыныптарда -1,13% төмендеген, 10-11 сыныптарда -3.04% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -4% төмендеген.

Биология бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	-	-	-	-
7-9сыныптар	68.8	73%	58,33%	-14,67%
10-11сыныптар	83.3	75%	69,89%	-5,11%
Барлығы	75%	74%	62,27%	-11,73%

Қорытынды: Биология пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 7-9 сыныптарда -14,67% төмендеген, 10-11 сыныптарда -5,11% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -11,73% төмендеген.

Химия бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	-	-	-	-
7-9сыныптар	78.55	65%	65,55%	+0,55%
10-11сыныптар	75.71	76%	75,26%	-0,74%
Барлығы	77.98%	70.5%	68,86%	-1,64%

Қорытынды: Химия пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 7-9 сыныптарда +0,55% артқан, 10-11 сыныптарда -0,74% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -1,64% төмендеген.

Физика бойынша 3 жылдағы сапаны талдау

Оқыту кезеңі	2021/2022	2022/2023	2023/2024	Динамика
2-4сыныптар	-	-	-	-
7-9сыныптар	65.57	52%	57,22%	+5,22%
10-11сыныптар	79.01	67%	62,36%	-4,64%
Барлығы	70.05%	59.5%	58,97%	-0,53%

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қорытынды: Физика пәні бойынша 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсанның нәтижесін 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанымен салыстырғанда, 7-9 сыныптарда +5,22% артқан, 10-11 сыныптарда -4,64% төмендеген, жалпы мектеп бойынша пәннің білім сапасы -0,53% төмендеген.

Пән бойынша білім сапасын I-II тоқсанмен салыстыра талдау 2-11 сынып

№	Пән атауы	I тоқсан білім сапасы %	II тоқсан білім сапасы %	Статистика
1	Математика (Алгебра)	50,8	53,3	+2,5
2	Физика	58,6	59	+0,4
3	Информатика	96,4	77,4	
4	Биология	61	62	+1
5	Химия	69	68,8	-0.2
6	География	68,2	79,8	
7	Қаз.тарихы	63,3	65,5	+2.2
8	Дүние жүзі тарихы	80	64	
9	Жаратылыстану	79,7	77,7	-2
10	Қазақ тілі	57,4	60	+2.6
11	Қазақ әдебиеті	61,5	60,8	-0.7
12	Орыс тілі	60	57,5	-2.5
13	Ағылшын тілі	61,7	61,5	-0.2

Үшінші мәселе бойынша: Негізгі пәндерден алынған қорытынды бақылау жұмысын талдау.

1. Бақылау жұмысына қатысушыларының жинақталған пайыздық (%) бөлінісі

№	Сынып	0-20%	20-40%	40-50%	50-75%	75-100%	Жалпы бала саны
		А базалақ деңгей			В орташа деңгей	С жоғары деңгей	
1	4-сынып			26	26	15	67
2	5-сынып			24	23	13	60
3	6-сынып			28	27	15	70
4	7-сынып			24	21	10	55
5	8-сынып			22	23	9	54
6	10-сынып			16	16	7	39
	Барлығы	0	0	140	136	69	345

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

2. Қалалық/аудандық екі жылдық динамика көрсеткіштерінің нәтижелері

№	Сынып	2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығы	2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығы
1	4-сынып	61,3 %	
2	5-сынып	56,1 %	
3	6-сынып	59,9 %	
4	7-сынып	53,4 %	
5	8-сынып	57,6 %	
6	10-сынып	61,2 %	
	Барлығы	58,25 %	

3. Бақылау жұмысының бағыттары бөлісінің нәтижелері, % орындалуы

3. Бақылау жұмысының бағыттары бөлісін нәтижелері, % орындалуы						
№		Бастауыш сыныптар 4-сынып	5-9 сыныптар			
			математикалық бағыт	қоғамдық- гуманитарлық бағыт	жаратылыстану бағыты	қоғамдық- гуманитарлық бағыт
1		математика - 52%	математика - 60%	қазақ тілі - 56%	физика - 45,8%	Қазақстан тарихы - 63,7%
2		қазақ тілі - 56%	алгебра - 49%	орыс тілі - 66,9%	химия - 56%	дүниежүзілік тарихы - %
3		жаратылыстану - 71%	геометрия - 53%	шет тілі - 61%	география - 61,2%	құқық негіздері - %
4		орыс тілі- 66,41%		өзбек тілі - %	биология - 57,1%	
		өзбек тілі - %		тәжік тілі - %	информатика - 58%	
5		тәжік тілі - %				
	Барлығы	61,30%	54%	61,30%	55,62%	63,70%

10 -сынып			
математикалық бағыт	қоғамдық- гуманитарлық бағыт	жаратылыстану бағыты	қоғамдық- гуманитарлық бағыт
алгебра - 41%	қазақ тілі - 74%	физика - 51,2%	Қазақстан тарихы - 74%
геометрия - 43%	орыс тілі - 66,4%	химия - 66%	дүниежүзілік тарихы - 80%
	шет тілі - 68%	география - 55,5%	құқық негіздері - 79%
	өзбек тілі - %	биология - 59 %	
	тәжік тілі - %	информатика - 56%	
42%	69,50%	57,54%	77,66%

Төртінші мәселе бойынша: Оқушыларымыз түрлі аудандық жарыстарға барып орын алып келуде, 5-6 сынып оқушыларының Республикалық олимпиадасының аудандық кезеңінен 5 сынып оқушысы жаратылыстану пәнінен Сатыбай Сұңқар III-орын, ағылшын тілінен Төрехан Көркем-«Алғыс хат», 6 сынып оқушысы математика пәнінен Рахимбек Бернар II-орын, 5 сынып оқушысы математика пәнінен Насредин Жібек II-орын. Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп оқушыларының 9,10,11 сынып оқушылары арасында өткен Кіші іріктеу олимпиадасының аудандық кезеңіне өткендер: 11 сынып оқушысы химия пәнінен Ибрагимов Тимур, 9 сынып оқушысы математика пәнінен Файзулла Арнұр, 10 сынып оқушысы математика пәнінен Ибрагимов Азиз, 11 сынып оқушысы физика пәнінен Балтабек Бибіхадиша.

Пән мұғалімдері олимпиадасының облыстық кезеңінен физика пәні мұғалімі Шойбекова Айман Тасхаровна II-орын алды.

Бесінші мәселе бойынша, мектебімізде II тоқсанда *ағылшын тілі* және *Тарих, География* пән бірлестіктерінің онкүндіктері болып өтті. Онкүндіктің өткізілу жоспарлары бекітіліп, кестеге сәйкес мұғалімдер өз ашық сабақтарын, сайыс сабақтарын, коучинг, тренингтер өз деңгейінде өткізді. Алдымыздағы III тоқсанда **22-31 қаңтар** аралығында *Математика*, **05-15 ақпан** аралығында *Орыс тілі мен әдебиеті*, **19-29 ақпан** аралығында *Химия, Биология, Физика, Информатика* пән бірлестіктерінің апталық-онкүндіктері болып өтеді. Бірлестік жетекшілері апталық-онкүндіктер уақытын пән мұғалімдеріне ескертіп, жоспарларын алдын-ала дайындап бекітсін, жұмыстары пысықталсын.

Алтыншы мәселе бойынша сөз алған ағылшын тілі пән бірлестік жетекшісі Қ. Исмайлов, оқушылардың үлгермеу себептері мен оқу танымдық әрекетіне қызығушылығы төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Әр оқу жылында мектебімізде 5-11 сынып оқушыларының функционалдық сауаттығын арттыру мақсатында мұғалімдер әртүрлі тиімді әдістер мен қосымша сабақтар жүргізе отырып, оқушылардың оқуға қызығушылығын арттырып, алған білімдерін өмірде пайдалана алу дағдыларын дамыту үшін жұмыс атқарып келеді. Атап айтсақ күнделікті сабақтарда оқытудың жаңа әдістерін қолданып, оқушыға өз бетінше ойланып, ізденіп жұмыс жасауға, сын тұрғысынан ойлауды үйретуге, ойлауды қажет ететін түрлі мәселелер мен жағдаяттар төңірегінде ой қорытуға, өз ойларын жеткізе білуге бағытталған тапсырмалар арқылы оқушыны белсенді оқу дағдыларын қалыптастырды. Бұл үшін сабақта түрлі тренинг элементерін, ойын түрлерін, топпен жұмыс жасау, постер қорғау, өз бетінше бағалау, ой шақыру сияқты әдістерді кеңінен қолданып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын көтеру мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Алдағы уақытта да осы бағыттар бойынша жұмысты жандандырып, бірге жұмыла әрекет жасауымызды айтты.

«№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді талқылай келе әдістемелік кеңес шешім қабылдады:

1. 2-тоқсан бойынша жазбаша жиынтық бағалауы бар пәндерге жүргізілген модерацияны бақылау қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 3-тоқсанда білім сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүгізілсін.
3. Үлгермеу себептері бар оқушылармен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін, алдағы уақытта жұмыстар жандандырылсын.

Әдістемелік кеңес төрағасы



Н. Біял

Хатшы



Н. Жақсыбаев